

# Шарт туралы ұғым және оның сипаттамасы

## [ Шарт ]

Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі.



# Шарттан туындайтын құқықтық қатынастар

міндеттемелік,

заттық,

авторлық

Шарт еркіндігі — шарт жасаудың басты әрі айнымайтын қағидасы. Шарт еркіндігінің қағидасы:

- шартты жасау еркіндігі;
- шартты жасауға итермелеуге жол бермеу еркіндігі;
- жасалатын шарттың түрін таңдау еркіндігі;
- тараптар өз қалауы бойынша шартқа әр түрлі жағдайларды енгізе алатындығын;
- тараптар заңда көзделген және көзделмеген шарттарды да жасаса алатындығын білдіреді.

# Шарттың жағдайлары

## Елеулі

шартқа отыру үшін шарт бойынша барлық елеулі жағдайларға қатысты келісім жасалуы керек.

Елеулі жағдайларға:

1. шарт пәні

2. заңда немесе нормативтік актілерде тікелей көзделген жағдайлар

3. Бірінші тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізге тиісті барлық ережелер алынса

## Жәй

азаматтық құқықтық диспозитивтік нормаларды белгілейді.

## Қездйсоқ

шарттың жәй жағдайларын толықтырады және өзгертеді.

## Шарттың жіктелуі

Шарттарды жіктеудің маңызы өте зор. Шарттың дұрыс анықталуы тараптардың мүдделерін қорғауға септігін тигізеді. Шарттар жасалу уақытына байланысты (күшіне енуі) және консенсуалды болып екіге бөлінеді.



### Консенсуалды шарт

Консенсуалды шарт бойынша шарт жасаушы жақтардың келісімге келуі бұл шарттың жасалғандығын білдіреді және сол сәттен бастап күшіне енеді. (Мысалы, сату және сатып алу, мүлікті жалға алу, т.б.)



### Реалды шарт

шартты жасасудың негізі—мүлікті немесе затты беру. Яғни, зат берілген уақыттан бастап шарт жасалынды есептеледі. (Мысалы, несие шарты.)

### Жария шарт.

Коммерциялық ұйыммен жасалған және өз қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге қатысты тауарларды сату, жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету жөніндегі оның міндеттемелерін белгілейтін шартты жария шарт деп атайды. Бұл шарт, негізінен, байланыс қызметін көрсету, энергиямен қамтамасыз ету, медицина, мейманхана, банк қызметін көрсету, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, т.б. салаларда қолданылады. Коммерциялық ұйымдардың шарт жасау немесе жария шартын жасау барысында бір тарапқа көмек көрсетуден бас тартып, екінші бір тарапқа жеңілдік беруге құқығы жоқ. Жария шартының талаптары барлық, тұтынушыларға бірдей қойылады. Яғни, жария шартын жасауға ниет білдіргендердің барлығы тең болуы тиіс.

## Ақылы және ақысыз шарт

Егер заңдардан, шарттың мазмұнынан немесе мәнінен өзгеше туындамаса, шарт ақылы болуы мүмкін.

Шарт бойынша тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алуы немесе бір-біріне бір нәрсе беруі керек болса, бұл ақылы шарт болып табылады.

Бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алған шарт ақысыз шарт болып табылады.



## Қосылу шарты

Ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт қосылу шарты деп танылады.

Егер қосылу шарты заңдарға қайшы келмегенімен, бұл тарапты осындай шарттар бойынша берілетін құқықтардан айыратын болса немесе міндеттемені бұзғаны үшін басқа тараптың жауапкершілігін жоятын немесе шектейтін болса не қосылған тарап үшін онда анық қиындық келтіретін, шарттың талаптарын белгілеуге қатысатын мүмкіндігі болып тұрғанда өзінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып қабылдамай-ақ қоятын талаптары болса, шартқа қосылған тарап шартты бұзуды талап етуге құқылы

## Алдын ала жасалатын шарт

Алдын ала жасалатын шарт бойынша тараптар алдын ала жасалатын шартта көзделген жағдайларда мүлік беру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету туралы болашақта шарт (негізгі шарт) жасасуға міндеттенеді.

Алдын ала жасалатын шарт негізгі шарт үшін заңдарда белгіленген нысанда, ал егер негізгі шарт нысаны белгіленбесе, жазбаша түрде жасалады. Алдын ала жасалатын шарт нысаны туралы ережелердің сақталмауы оның жарамсыз болып қалуына әкеліп соқты. Алдын ала жасалатын шартта негізгі шарттың мәнін, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайларын белгілеуге мүмкіндік беретін ережелер болуға тиіс.

Алдын ала жасалатын шартта тараптар негізгі шартты жасасуға міндеттенетін мерзім көрсетіледі.

## Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт

Тараптар несие берушіге емес, шартта көрсетілген немесе көрсетілмеген және борышқордан міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші жаққа борышқор орындап беруге міндетті деп көрсеткен шарт үшінші жақтың пайдасына жасалған шарт болып танылады.

# Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

- 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;
- 2) тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

## Тараптардың бірі, атап айтқанда:

шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған;

шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда шартты орындаудан **бас тартуға құқылы.**

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады

## Шартты өзгерту және бұзу тәртібі

шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады. Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде **отыз күн мерзімде** жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.